

6B04202 – «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасының түлек моделі

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- құқық қорғау қызметі саласында терең теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруге қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;
- қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және заңдылықты қамтамасыз етуге қабілетті, жоғары білікті әрі бәсекеге қабілетті құқық қорғау қызметі бакалаврларын даярлау;
- азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделерін қорғауға бағытталған кәсіби және азаматтық жауапкершілігі жоғары мамандарды қалыптастыру.

Жалпы мәдени (жалпы білім беру) құзыреттіліктер

Бітіруші:

- тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде сауатты қарым-қатынас жасай алады;
- кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, соның ішінде құқықтық ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, деректерді іздеу, өңдеу, сақтау және қорғау құралдарын қолдана алады;
- өзін-өзі дамыту, кәсіби және мансаптық өсу мақсатында өмір бойы білім алу қағидаттарына негізделген жеке білім беру траекториясын құра алады;
- құқықтық мәдениетке, академиялық адалдық қағидаттарына және әлеуметтік жауапкершілікке негізделген дүниетанымды қалыптастырады, қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіптің маңызын түсінеді.

Кәсіби (пәндік) құзыреттіліктер

Бітіруші:

- Қазақстан Республикасының құқық қорғау саласындағы заңнамасын, қылмыстық, әкімшілік және іс жүргізу құқығының негізгі нормаларын кәсіби қызметінде қолдана алады;
- құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша құқық қорғау қызметін жүзеге асырады;
- жедел-қызметтік, тергеу және анықтау қызметіне қатыса алады;
- қызметтік құжаттарды, процессуалдық актілерді және өзге де құқықтық құжаттарды заң талаптарына сәйкес ресімдей алады;
- құқықтық түсіндіру, профилактикалық және тәрбие жұмыстары арқылы құқықтық сауаттылықты арттыруға үлес қосады;
- әлеуметтік, этикалық және кәсіби жауапкершілік нормаларын сақтай отырып, негізделген құқықтық шешімдер қабылдай алады.

Түлектің кәсіби даярлық нәтижесі

6B04202 – «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасының түлегі құқық қорғау органдарында кәсіби қызмет атқаруға, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қабілетті құқық қорғау қызметі бакалавры болып табылады.